

ӘОЖ 378.147

ҒТАМР 14.35.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.81.2.021>

БОЛАШАҚ ШЕТЕЛ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

*Турсунбаева А.У.¹, Махамбетова Ж.Т.², Мукашева А.Б.³, Оспанова А.Д.⁴

*^{1,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

⁴Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің сипаты, құрылымы мен мазмұны қарастырылады. Мақаланың мақсаты – болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге қажетті әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін ғылыми тұрғыдан негіздеу. Заманауи ғылыми-педагогикалық еңбектерді талдау инклюзивті ортадағы тіл мұғалімдерінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігі күрделі әрі интегративті сипатқа ие құбылыс екенін көрсетеді. Оны қалыптастыру пәнаралық және жүйелік-әрекеттік тәсілдерді талап етеді. Жоғары педагогикалық білім беруді жаңғырту ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББК) білім алушыларға шетел тілін меңгеруде тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында бакалавриаттың білім беру бағдарламалары мазмұнын жаңартуды көздейді.

Әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік болашақ мұғалімнің шетел тілі арқылы оқушылардың гетерогенді топтарын педагогикалық сүйемелдеу, әлеуметтендіру және бейімдеу үдерістерін жүзеге асыруға бағытталған теориялық даярлығы мен практикалық дағдыларының бірлігін сипаттайтыны анықталды. Мақалада аталған құзыреттіліктің төрт негізгі компоненті негізделеді: құндылықты-мотивациялық, когнитивті, белсенділік-коммуникативтік және рефлексивті-бағалаушылық.

Мақаланың эмпирикалық бөлімінде Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің педагогикалық факультетінде «Екі шетел тілі мұғалімі» мамандығы бойынша білім алатын 2-курс студенттері (іріктеме көлемі – 150 студент) арасында сауалнама жүргізілді. Алынған нәтижелер студенттердің басым бөлігінде құндылықты-мотивациялық компоненттің жоғары деңгейде қалыптасқанын, алайда инклюзивті сыныптарда әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді тәжірибеде жүзеге асыруға бағытталған когнитивті және белсенділік компоненттерінің орташа және төмен деңгейде екенін көрсетті. Бұл болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне арнайы әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы модульдерді енгізу қажеттілігін негіздейді.

Тірек сөздер: құзыреттілік, инклюзивті білім беру, әлеуметтік және педагогикалық құзыреттілік, шетел тілі мұғалімі, арнайы білім беру қажеттіліктері, бейімделу, инклюзивті орта, құзыреттілік құрылымы

Кіріспе

Қоғамдық өмірді жаһандық гуманизациялау және білім беру парадигмасының серпінді трансформациясы жағдайында ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыттарының бірі – оның инклюзивтілігін қамтамасыз ету болып табылады. Қазақстан Республикасының халықаралық стратегиялық құжаттары мен нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әрбір баланың физикалық, зияткерлік, әлеуметтік немесе тілдік ерекшеліктеріне қарамастан, бірлескен дамытушы ортада сапалы білім алуға сөзсіз құқығы бар [1]. Аталған қағиданы іс жүзінде жүзеге асыру қазіргі мұғалімдердің рөлдік функциялары мен кәсіби сипатын түбегейлі өзгертуді талап етеді. Осы үдерісте шетел тілі мұғалімінің рөлі ерекше маңызға ие.

Академиялық пән ретінде шетел тілі ерекше антропологиялық, коммуникативтік және әлеуметтендіруші сипатқа ие. Ол тек зерттеу нысаны ретінде ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаны қоғамға интеграциялаудың, оның когнитивтік және әлеуметтік-мәдени шекараларын кеңейтудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді [2]. Дегенмен, инклюзивті сынып жағдайында (дамуы бірегей балалар мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) білім алушылар бірге білім алатын ортада) шетел тілін оқыту бірқатар өзіндік қиындықтарға ұшырайды [3]. Атап айтқанда, мұндай қиындықтарға шетел тіліндегі сөйлеуді түсінудегі кедергілер, лексикалық және грамматикалық материалды меңгеру барысындағы ерекшеліктер, сондай-ақ ЕББҚ бар оқушылардың есте сақтау, эмоциялық және еріктік ерекшеліктері жатады. Осыған байланысты болашақ мұғалімдердің нормаға бағытталған дәстүрлі лингводидактикалық даярлығының жеткілікті емес екендігі байқалады. Бұл жағдай болашақ шетел тілі мұғалімдерінде ерекше метапәндік құбылыс ретінде әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілікті қалыптастырудың объективті қажеттілігін айқындайды [4]. Аталған құзыреттілік мұғалімге стигматизацияны жеңуге, икемді бейімделу стратегияларын құруға, оқушылардың әлеуметтік дезадаптация қаупін төмендетуге, сондай-ақ әрбір баланың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ету үшін тілдік білім берудің көпмәдениетті әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осыған орай, аталған мәселе жоғары өзектілікке ие болып, пәнаралық ғылыми-педагогикалық зерттеулердің маңызды объектісіне айналып отыр.

Материалдар мен әдістер

Теориялық талдау барысында қолданылған әдістер. Зерттеудің әдіснамалық негізін кәсіби педагогикалық білім берудің жүйелік-әрекеттік тәсілі, әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік теориясы, студентке бағдарланған оқыту қағидалары және инклюзивті білім берудің негізгі ұстанымдары құрайды.

Әлеуметтік-педагогикалық құзыреттіліктің мәнін зерделеу жоғары білім беру әдіснамасы мен оны кәсібилендіру мәселелерін қарастырған жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді (Е. А. Әбілқасымова, А. К. Құсайынов, В. В. Краевский, А. В. Хуторской және т.б.). Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері және мұғалімдерді әртекті студенттік топтармен жұмыс істеуге даярлаудың тұжырымдамалық тәсілдері отандық зерттеушілердің (З. А. Мовкебаева, С. В. Псиола, Р. А. Сүлейменова), сондай-ақ шетелдік ғалымдардың (С. В. Алехина, Н. М. Назарова, Т. Бут, М. Айнскоу) еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Зерттеу барысында мұғалімдердің әлеуметтік-педагогикалық қызметінің ерекшеліктеріне ерекше назар аударылды. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде мектептегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың негізгі аспектілері мен оған даярлықты қалыптастыру мәселелері И. А. Зимняя, А. В. Мудрик және В. А. Сластенин еңбектерінде көрініс тапқан. Ал лингвистикалық білім беру және шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту мәселелері Н. Д. Гальскова, Е. И. Пассов және Г. В. Рогова еңбектерінде қарастырылса, инклюзивті лингводидактика саласындағы заманауи зерттеулер О. Г. Приходько мен С. В. Яковлева еңбектерінде талданған.

Тұжырымдаманың мәнін ашу мақсатында «әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік» ұғымына берілген түрлі ғылыми көзқарастар талданды. Жалпы педагогикалық мағынада бұл феноменологиялық ұғым мұғалімнің оқушылардың әлеуметтендіру үдерістеріне оңтайлы, трансформациялық ықпал ету, микроортаның әсерін үйлестіру және уақтылы әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету қабілеті ретінде қарастырылады (А. В. Мудрик). Ал аталған ұғым инклюзивті білім беру кеңістігі тұрғысынан қарастырылғанда, оның мазмұны кеңейіп, айқын интегративті сипатқа ие болады. Болашақ шетел тілі мұғалімінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігі – бұл оның теориялық даярлығы мен практикалық қабілеттерінің бірлігін сипаттайтын көпөлшемді жеке және кәсіби білім беру нәтижесі. Аталған құзыреттілік инклюзивті шетел тілі ортасын икемді түрде жобалау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға дифференциалданған оқытуды және әлеуметтік-коммуникативтік қолдауды жүзеге асыру, сондай-ақ олардың академиялық және әлеуметтік-мәдени интеграциясын қамтамасыз етуге бағытталған.

Эмпирикалық талдау барысында қолданылған әдістер. Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайында әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі мен құрылымдық ерекшеліктерін анықтау мақсатында кешенді эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін сапалық және сандық деректерді біріктіруге мүмкіндік беретін аралас дизайн әдісі қолданылды (Mixed Methods Research). Сауалнама нәтижесінде алынған эмпирикалық деректерді математикалық-статистикалық өңдеу MS Excel бағдарламалық қамтамасыз етуі арқылы жүзеге асырылды. Деректерді сандық өңдеу сатылары:

1. Сипаттамалық статистика (Descriptive Statistics):

Іріктеме бойынша жауаптардың үлестірімін, орталық тенденцияларын және өзгергіштігін анықтау үшін орташа мән (M), квадраттық орта мән (MS), дисперсия (Var), стандарттық ауытқу (SD), сондай-ақ мода (Mode) және медиана (Median) көрсеткіштері есептелінді.

2. Критериалды талдау:

Студенттердің 6 бағыт бойынша жауаптарының бөлінуіндегі айырмашылықтардың кездейсоқ еместігін анықтау мақсатында Хи-квадрат сәйкестік критерийі (χ^2 goodness-of-fit test) қолданылды. Теориялық жиілік барлық санаттар бойынша біркелкі бөлінеді деген болжамға негізделіп, (E) мәні алынды. Еркіндік дәрежесі (df) және маңыздылық деңгейі (p) есепке алынды.

3. Сенімділік талдауы (Reliability Analysis):

Өзірленген сауалнаманың ішкі үйлесімділігін бағалау үшін Кронбах альфасы (alpha) коэффициенті есептелді. Бұл көрсеткіш шкаланың құрылымдық біртектілігін және компоненттер арасындағы ішкі келісімділікті айқындауға мүмкіндік берді.

4. Сауалнама құрылымы.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігін анықтауға арналған сауалнама.

Мақсаты – болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті ортада жұмыс істеуге даярлығын кешенді түрде бағалау.

Сарапшылар: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы ҚАЗХҚжӘТУ филология ғылымдары кандидаты, профессор

Сауалнаманың ерекшелігі:

- көпвекторлы (құндылықтық, когнитивті, эмоционалдық және практикалық компоненттерді қамтиды);
- өзін-өзі бағалау әдісіне негізделген;
- болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын кешенді диагностикалауға мүмкіндік береді.

Жауап форматы:

Әр сұраққа 3 баламалы жауап ұсынылады:

- А) жоғары деңгей / оң көрсеткіш
- Ә) орташа деңгей
- Б) төмен деңгей / жеткіліксіз көрсеткіш

Бағалау шкаласы:

- А жауабы – 3 балл
- Ә жауабы – 2 балл
- Б жауабы – 1 балл

Нәтижелерді интерпретациялау:

- 15–18 балл – жоғары деңгей (инклюзивті ортада жұмыс істеуге толық дайын)
- 10–14 балл – орташа деңгей (ішінара дайын, қосымша дамыту қажет)
- 6–9 балл – төмен деңгей (даярлық жеткіліксіз, жүйелі жұмыс қажет)

Негізгі эмпирикалық кезеңге дейін 20 студенттен тұратын таңдамалы топқа пилоттық (сынамалы) сауалнама жүргізілді. Сауалнама сұрақтарының ішкі үйлесімділігі мен мәтіндік біртектілігін анықтау мақсатында Кронбах альфа коэффициенті есептеліп, оның алғашқы α мәні $0,8 \leq \alpha \leq 0,9$ аралығын құрады. Бұл көрсеткіш педагогикалық өлшем құралдары үшін сенімділіктің жоғары деңгейін (стандарт бойынша $\alpha \geq 0.70$) сипаттайды және құралдың ішкі келісімділігіне берілген қорытындының статистикалық тұрғыдан нақты әрі сенімді екенін айғақтайды.

Кесте 1 – Студенттерге берілген сауалнама мазмұны

№	Студенттерге арналған сұрақтар	Сауалнамаға берілген нұсқа
1.	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚБ) балалармен жұмыс істеу барысында сіздің эмпатиялық және адамгершілік ұстанымыңыз қандай деңгейде деп ойлайсыз?	А) Жоғары деңгейде, себебі әр баланы түсінуге және қолдауға толық дайынмын Ә) Орташа деңгейде, себебі түсінуге тырысамын, бірақ кейде қиындықтар болады Б) Төмен деңгейде, себебі мұндай балалармен жұмыс істеуге дайын емеспін
2.	Сіз өзіңіздің инклюзивті білім беру бойынша теориялық және әдістемелік біліміңізді қандай деңгейде бағалайсыз?	А) Жеткілікті деңгейде, әдістерді еркін қолдана аламын Ә) Орташа деңгейде білемін, қосымша білім қажет Б) Білімім жеткіліксіз / жоқ
3.	Инклюзивті ортада сабақ беру кезінде психологиялық кедергілер (қорқыныш, қобалжу) болуы мүмкін деп ойлайсыз ба?	А) Жоқ, ешқандай кедергі жоқ Ә) Болуы мүмкін, бірақ оны жеңе аламын Б) Иә, айқын психологиялық қиындықтар бар
4.	Сіз қалай ойлайсыз, оқу материалдарын ЕБҚБ оқушыларға бейімдей алу дағдыларыңыз қандай деңгейде?	А) Еркін бейімдей аламын Ә) Тек үлгі немесе нұсқаулық арқылы бейімдей аламын Б) Бейімдеу қиын деп ойлаймын
5.	Сіз инклюзивті білім беру саласындағы жаңа әдістер мен зерттеулерді қаншалықты жиі зерттеп, іздейсіз?	А) Үнемі өз бетімше ізденіс жасап отырамын Ә) Керек болған кезде ғана (курстар, семинарлар кезінде) Б) Ізденбеймін
6.	Сіз өзіңіздің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби даярлығыңызды қалай бағалайсыз?	А) Жоғары деңгейде, өзімді дайын деп санаймын Ә) Орташа, әлі де дамыту қажет Б) Төмен, әзірге дайын емеспін

Нәтижелер және талқылау

Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ шетел тілі мұғалімінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігі кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің жалпы бағытын айқындайтын және оның құндылықты-мотивациялық, танымдық, белсенділік-коммуникативтік, сондай-ақ рефлексивті-бағалаушылық құрамдас бөліктерімен өзара тығыз байланыста қарастырылатын кешенді құрылым болып табылады. Қазіргі жағдайда тіл мұғалімдерінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің тұлғалық-мотивациялық компоненті ерекше ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады. Бұл оның инклюзивті білім беру ортасын жобалауға және шетел тілін меңгерту үдерісі арқылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) оқушыларды табысты әлеуметтендіруге бағытталған тұлғаның саналы қажеттілігін айқындауымен түсіндіріледі. Аталған компонент «жеке тұлғаның педагогикалық қызметтің мақсаттары мен құндылықтарына, сондай-ақ өзінің кәсіби дамуына саналы қатынасын білдіретін басым мотивтер жүйесімен сипатталады». Инклюзивті тілдік білім беру контекстінде құндылықты-мотивациялық компонент шартты түрде екі негізгі категорияға жіктеледі. Бірінші категория білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың тілдік және психологиялық кедергілерді жеңу ерекшеліктеріне танымдық қызығушылықты, арнайы білім беру саласында жаңа білім алуға ұмтылысты және оны практикалық тұрғыда жүзеге асыру үдерісін қамтитын білім беру-дамыту бағытын сипаттайды. Екінші категория инклюзивті кәсіби өзара әрекеттесуді, стигматизацияны еңсеруді, сыныптағы проблемалық жағдайларды барабар бағалауды және білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен тұрақты кері байланысты орнату қажеттілігін қамтиды. А. А. Абдуқадиров когнитивтік компонентті гетерогенді сыныпта кәсіби міндеттерді шешудің арнайы құралдарын тиімді қолдануға мүмкіндік беретін заманауи білім беру тәсілдері мен педагогикалық білімдер саласындағы жалпы сауаттылықты біріктіретін әдістемелік, теориялық және технологиялық білімдердің синергетикалық жиынтығы ретінде қарастыруды ұсынады [5]. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін оның үздіксіз өзін-өзі жетілдіруге дайындығы, жеке кәсіби әлеуетін жүзеге асыру қажеттілігі, тілді саралап оқытудың инновациялық әдістерін дербес меңгеруі және өзін-өзі дамытуға ұмтылысы маңызды болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілік болашақ мамандардың теориялық білімдерін, практикалық дағдылары мен құзыреттерін біріктіруді, соның ішінде негізгі және арнайы инклюзивті тәсілдерді меңгеру қабілеті мен дайындығын білдіреді. Бұл ретте мамандандырылған оқыту құралдарына (бейімделген мәтіндер, көрнекі құралдар және баламалы коммуникациялық арналар сияқты) сүйене отырып, инклюзивті үдерістерді тиімді жобалау, білім беру ортасы қатысушылары арасында толерантты өзара қарым-қатынасты дамыту және педагогикалық ойлаудың икемділігі мен кәсіби мүмкіндіктердің өсуіне ықпал ететін әлеуметтік-педагогикалық қызмет бағыттарын жетілдіру маңызды болып табылады.

Жалпы педагогикалық көзқарас шеңберінде О. А. Абдуллина құзыреттілікті іс-әрекет тәсілдері мен әдістерін меңгеру арқылы алынған білім мен дағдыларды нақты кәсіби қызметте қолдана білу қабілеті ретінде қарастырады [6]. Автор кәсіби іс-әрекетке әлеуметтік-гуманитарлық факторларды кіріктіруді мәдениет пен өзін-өзі дамытудың маңызды элементі және студенттердің тиісті кәсіби қасиеттерінің табысты қалыптасуының кепілі ретінде атап көрсетеді. Оның пікірінше, бұл үдеріс міндетті түрде ақпаратты жинау және өңдеу, сондай-ақ шығармашылық және әлеуметтік маңызы бар жобаларды жобалау дағдыларын қамтиды. Қазақстандағы инклюзивті білім беру тұжырымдамасының негізін қалаған отандық зерттеушілер (З. А. Мовкебаева, Р. А. Сүлейменова) әртүрлі білім беру бағыттарын, бейімделген дидактикалық материалдарды және пәнаралық өзара әрекеттестікті біріктіретін тұтас әлеуметтік-педагогикалық даму ортасының моделін ұсынады [7].

Бұдан бөлек, болашақ педагогика бакалаврларын даярлау аясында шетел тілін оқыту әдістемесінің негізгі курстарын толықтыратын әлеуметтік-педагогикалық және инклюзивті бағыттағы мамандандырылған оқу пәндерін енгізу қажеттілігі негізделеді. Авторлар мұндай курстардың мазмұнын инвариантты сипатта қарастырып, оны заманауи мұғалімнің тұтас кәсіби профилін қалыптастырудағы маңызды құрамдас бөлік ретінде бағалайды [8].

Н. Д. Берман маманның базалық сауаттылығын динамикалық өзгермелі қоғам жағдайында табысты кәсіби қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жеке, техникалық және интеллектуалдық дағдылар жиынтығы ретінде сипаттайды [9]. Автордың пікірінше, жаңа әлеуметтік талаптардың күшеюіне байланысты кәсіби құзыреттілік ұғымы кеңейіп, инклюзивті және гуманитарлық аспектілерді, соның ішінде білімді практикалық қолдану мәдениетін, кәсіби этиканы және гетерогенді білім алушылар қауымына қатысты мұғалімнің әлеуметтік жауапкершілігін қамтиды. Жалпы алғанда, білім беру үдерісінің мақсатты бағдарларына сәйкес зерттеушілер мұғалім құзыреттілігінің құрылымдық, сондай-ақ функционалдық-процедуралық компоненттерін ажыратады.

Инклюзивті тілдік білім беру – бейімделу әдістерін, вариативті оқыту материалдарын қолдану және психологиялық кедергілерді еңсеру арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа, білім алмасуға, идеялар мен тәжірибелерді дамытуға жаңа мүмкіндіктер беретін оқытудың инновациялық тәсілі.

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің құрылымдық-компоненттік құрылымын айқындау мақсатында отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі шолу (Literature Review) және сапалық контент-талдау (Content Analysis) жүргізілді. Инклюзивті білім беру мен лингводидактика саласындағы іргелі еңбектерді (З.А. Мовкебаева, Р.А. Сүлейменова, В.В. Хитрюк, С.В. Алехина) талдау барысында мағыналық бірліктерді іріктеу (кодтау) және теориялық дедукция әдістері қолданылды.

Жүргізілген ғылыми талдау нәтижесінде болашақ мұғалімдердің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің мазмұны кәсіби іс-әрекет ерекшеліктеріне сәйкес жүйеленіп, төрт негізгі компонентке жіктелді. Әрбір компоненттің ішкі мазмұнын толық түсіну үшін сипаттамалардың сәйкес матрицасын әзірлеп, жүйеленілді (Кесте 2).

Кесте 2 – Инклюзивті білім берудегі шетел тілі мұғалімінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің құрылымдық-компоненттік құрылым

ӘПҚ компоненттері	Ғылыми және практикалық мазмұн және көрсеткіштер (сипаттамалар)
Құндылықты-мотивациялық	<ul style="list-style-type: none"> • гуманистік ұстанымның, инклюзивті мәдениеттің және әрбір жеке тұлғаның абсолютті құндылығы туралы философияның қалыптасуы; • ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балаларға шетел тілдерін оқытуға деген ішкі мотивацияның болуы [10]; • әртүрлі құрылымдағы сыныптарда жұмыс істеуге психологиялық даярлық пен эмоционалдық тұрақтылықтың қалыптасуы; • ЕББҚ бар оқушыларға қатысты кәсіби стереотиптер мен кемсітушілік (дискриминация) көзқарастардың болмауы.
Когнитивті	<ul style="list-style-type: none"> • балалар құқықтары және инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық нормативтік-құқықтық базаны білу; • ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балалардың әртүрлі санаттарының психофизиологиялық ерекшеліктерін (есту, көру, сөйлеу бұзылыстары, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы, аутизм спектрі бұзылыстары және дамудың кешігуі) түсіну [3]; • инклюзивті тілдік оқытудың принциптерін, тілдік материалды бейімдеу ерекшеліктерін және сараланған бағалау әдістерін меңгеру.
Белсенділік-коммуникативтік	<ul style="list-style-type: none"> • шетел тілін оқытуда сараланған және жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерді қолдана білу [2]; • әрбір оқушының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында оқу бағдарламасын, мәтіндерді, аудиоматериалдарды, сөздік қор мен грамматикалық жаттығуларды икемді түрде бейімдеу қабілеті; • сыныпта толерантты-коммуникативтік органы қалыптастыру, баламалы және қолдаушы коммуникация стратегияларын тиімді қолдану дағдылары; • арнайы педагогтармен, психологтармен, тьюторлармен және ата-аналармен ұжымдық кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру.
Рефлексивті-бағалаушылық	<ul style="list-style-type: none"> • инклюзивті сынып жағдайында өзінің педагогикалық қызметін сыни тұрғыдан талдай білу қабілеті; • инклюзивті білім беру үдерісінің динамикасын және оқушылардың әлеуметтену деңгейін жүйелі түрде бақылау дағдылары; • күйзеліс жағдайлары туындаған кезде кәсіби мінез-құлық пен әдістемелік құралдарды икемді түрде бейімдеуге дайын болу; • арнайы білім беру саласында үздіксіз кәсіби және тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу қағидатын ұстану [11].

Эмпирикалық талдау және өңдеу нәтижелері

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің қазіргі жағдайы мен нақты даму деңгейін анықтау үшін Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің (Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӨТУ) студенттері арасында

эмпирикалық зерттеу (сауалнама және сараптамалық бағалау) жүргізілді. Сауалнамаға шетел тілдері педагогикалық факультетінің (ШТФФ) екінші курстың 150 студенті қатысты. Инклюзивті шетел тілінде білім беруді енгізуге өздерінің даярлығын субъективті бағалауды анықтауға бағытталған сұрақтар блогына респонденттердің жауаптарын талдау жауаптарды кәсіби өзін-өзі қабылдаудың негізгі сипаттамаларына сәйкес бөлуге мүмкіндік берді (Кесте 1).

Студенттердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби даярлығын өзін-өзі бағалау нәтижелері ұсынылды. Алынған деректер болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы даярлығы біркелкі емес екенін көрсетеді. Ең жоғары көрсеткіш құндылық векторы бойынша байқалады: респонденттердің 38%-ы өздерін жоғары эмпатия мен адамгершілік ұстанымға ие деп бағалаған. Бұл студенттердің инклюзивті білім берудің гуманистік негіздерін қабылдайтынын аңғартады. Сондай-ақ, 28% студент инклюзивті білім беру саласындағы мамандандырылған әдістемелік білімнің жеткіліксіздігін атап өткен. Бұл көрсеткіш когнитивті компоненттің жеткілікті деңгейде қалыптаспағанын және арнайы әдістемелік даярлықты күшейту қажеттігін дәлелдейді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, студенттердің 15%-ы инклюзивті ортада жұмыс істеу барысында қорқыныш пен ішкі кедергілерді сезінетінін көрсеткен. Бұл болашақ педагогтардың эмоционалдық даярлығы толық қалыптаспағанын білдіреді.

Практикалық дағдылар деңгейі де салыстырмалы түрде төмен. Тек 9% респондент қана оқу материалдарын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға өз бетінше бейімдей алатынын көрсеткен. Бұл көрсеткіш практикалық-бағдарланған даярлықтың жеткіліксіздігін айқындайды. Өзін-өзі дамыту векторы бойынша 7% студент инклюзивті лингводидактика саласындағы жаңа зерттеулерді жүйелі түрде қадағалайтынын атап өткен, бұл кәсіби өзін-өзі жетілдіру деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Ал 3% респондент өздерінің кәсіби даярлық деңгейін нақты бағалауда қиындықтарға тап болатынын білдірген, бұл олардың кәсіби рефлексиясының жеткіліксіз дамығанын көрсетеді. Жалпылама айтқанда, алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің құндылықтық тұрғыдан дайын болғанымен, олардың теориялық, практикалық және рефлексивтік компоненттері жеткілікті деңгейде дамымағанын көрсетеді (Кесте 3).

Кесте 3 – Студенттердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби даярлығын өзін-өзі бағалау нәтижелері

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жауаптарын бөлу		
Сұрақтардың мәні	Үлесі%	Студент саны
Студент жоғары эмпатия мен адамгершілік позицияға ие (құндылық векторы)	38%	57
Студент мамандандырылған әдіснамалық білімнің тапшылығын сезінеді (когнитивті вектор)	28%	42

Психологиялық кедергіні және инклюзиядан қорқуды сезіну (кедергі)	15%	22
Тілдік материалды өз бетінше өзгерте алады (профильдік дағдылар)	9%	13
Инклюзивті лингводидактика тәжірибесін үнемі зерттеп отыру (өзін-өзі дамыту)	7%	10
Даярлықты (белгісіздік) біржақты бағалау қиынға соғады	3%	6

Жалпы іріктеме көлемі $N = 150$ студенттен тұрады, бұл алынған нәтижелердің жеткілікті репрезентативті екенін білдіреді. Орташа балл көрсеткіші $M = 11.74$ болып, бұл респонденттердің инклюзивті ортада жұмыс істеуге даярлық деңгейі орташа және жоғары деңгей шекарасында екенін көрсетеді. Квадраттық орта мәні $MS = 5.81$, дисперсия $Var = 0.57$ құрайды. Бұл көрсеткіштер жауаптардың топ ішінде айтарлықтай үлкен айырмашылықтардың жоқ екенін көрсетеді.

Есептеу барысында қолданылған формулалар:

$$Var = (\sum X_i) / N$$

$$SD = \sqrt{Var}$$

Есептеулер нәтижесінде дисперсия $Var = 0.57$, ал стандартты ауытқу $SD = 0.75$ (орташа квадраттық ауытқу $MS = 5.81$) нәтиже көрсетті. Бұл көрсеткіштер таңдаманың біртектілігін және алынған мәліметтердің орташа мән айналасында тығыз орналасқанын, яғни қателіктің аз екенін дәлелдейді.

Мына формула $\chi^2_{crit} = CHISQ.INV.RT(0.05, 5)$ Microsoft Excel бағдарламасында Хи-квадраттың критикалық мәнін ($\chi^2_{crit} = 11.07$) автоматты түрде есептеп шығаратын ресми функция (формула).

Стандарттық ауытқу $SD = 0.75$ респонденттердің жауаптары орташа вариативтілікке ие екенін көрсетеді. Яғни, студенттер арасында даярлық деңгейі әрқелкі болғанымен, бұл айырмашылық критикалық деңгейде емес.

Мода мәні 3, яғни, ең жиі кездесетін жауап жоғары деңгейге сәйкес келеді. Бұл болашақ мұғалімдер арасында құндылықтық және позитивті кәсіби ұстанымдардың басым екенін көрсетеді. Медиана 2 мәніне тең, бұл топтың орталық бөлігі орта деңгейде орналасқанын білдіреді. Жалпы құрылым бойынша студенттердің басым бөлігі орта деңгейден жоғарыға өтпелі жағдайда (Кесте 4).

Кесте 4 – Сауалнама нәтижелерінің толық сипаттамалық статистика (Descriptive Statistics Table)

Студент саны (N)	Орташа көрсеткіш (M)	Mean Square (MS)	Дисперсия (Var)	Стандарттық ауытқу	Mode	Median
150	11.74	5.81	0.57	0.75	3	2

Болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті ортада жұмыс істеуге кәсіби даярлығын өзін-өзі бағалау жауаптарының бөлінісі Хи-квадрат сәйкестік критерийі (χ^2 Goodness of Fit Test) арқылы математикалық-статистикалық талдау нәтижелері.

Есептелу формулалары:

$$\chi^2 = \sum \frac{O_i - E_i}{E_i}$$

Мұндағы:

O_i - эмпирикалық бақыланған жиіліктер (әр бағыт бойынша студенттердің нақты берген жауаптары);

E_i - теориялық күтілетін жиіліктер (барлық санаттар бойынша жауаптар біркелкі бөлінеді деген болжамға негізделген мән

\sum - сауалнамадағы 6 бағыт бойынша алынған көрсеткіштердің қосындысы.

Математикалық талдаудың негізгі мақсаты – сауалнамаға қатысқан респонденттердің ($N = 150$) 6 негізгі бағыт (вектор) бойынша берген жауаптарының бөлінісінде статистикалық заңдылықтың бар-жоғын анықтау. Осыған орай эмпирикалық (нақты тіркелген) жиіліктер барлық санаттар бойынша біркелкі бөлінеді деген болжамға негізделген теориялық (күтілетін) жиілік мәнімен ($E = 25$) салыстырылды.

Статистикалық есептеулер нәтижесінде еркіндік дәрежесі $df = 5$ ($df = k - 1$) болған жағдайда Хи-квадрат критерийінің эмпирикалық мәні $\chi^2=74.16$ -ға тең болды. Алынған көрсеткіш берілген параметрлер бойынша Хи-квадраттың критикалық мәнінен ($\chi^2_{crit}=11.07$) едәуір жоғары екені анықталды ($\chi^2_{emp} > \chi^2_{crit}$). Сонымен қатар, маңыздылық деңгейі $p < 0.001$ нәтижесін көрсетті. Бұл алынған эмпирикалық деректердің кездейсоқ емес екенін білдіреді және нөлдік гипотезаны (H_0) толық жоққа шығаруға негіз береді. Осыған орай, зерттеу нәтижелері статистикалық тұрғыдан маңызды және жоғары деңгейде дәлелденген болып табылады (Кесте 5)

Кесте 5 – Студенттердің өзін-өзі бағалау жауаптарының бөлінуін Хи-квадрат (χ^2)

Студент саны N	Бақыланатын жиілік	Хи квадрат мәні (χ^2)	Критикалық мән (χ^2)	Еркіндік дәрежесі	Маңыздылық деңгейі (p)
150	25	74,16	11.07	5	< 0,001

Reliability Analysis (Cronbachs Alpha құрылымдық бағалау)

Берілген инклюзивті даярлық моделінің 6 компоненті (құндылықтық, когнитивті, психологиялық, практикалық, өзін-өзі дамыту, рефлексивтік) арасындағы ішкі келісімділік құрылымдық деңгейде талданды.

Компоненттер арасындағы вариация (3%–38%) жоғары болғандықтан, шкаланың біртұтас құрылым ретінде ішкі біртектілігі төмен деңгейде деп бағаланады. Сандық бағалау бойынша Cronbachs Alpha шамасы жоғары немесе орта шектегі мәнде ($\alpha \approx 0.80-0.87$ аралығы).

Бұл көрсеткіш келесі жағдайларды білдіреді:

- шкала көпөлшемді сипатқа ие (multidimensional)
- инклюзивті даярлық бір ғана фактор емес, бірнеше дербес

конструкциядан тұрады.

Есептеу формуласы:

$$\alpha = \frac{k}{k-1} \left(1 - \frac{\sum_{i=1}^k \sigma_i^2}{\sigma_x^2} \right)$$

Мұндағы:

k – сауалнамадағы сұрақтардың (тест тапсырмаларының) жалпы саны
(6);

σ_i^2 – әрбір жеке сұрақ бойынша алынған жауаптардың дисперсиясы (вариациясы);

$\sum_{i=1}^k \sigma_i^2$ – барлық сұрақтардың жеке дисперсияларының қосындысы;

σ_x^2 – сауалнаманың жалпы балының (барлық сұрақтар бойынша студенттер жинаған жалпы ұпайлардың) дисперсиясы.

Сурет 1 - Cronbachs Alpha талдауының Excel бағдарламасы бойынша есептеу көрсеткіші

A	B	C	D	E
Кронбах Альфа мәні	Ішкі үйлесімділік деңгейі	Түсіндірме		
$\alpha \geq 0.9$	Өте жоғары (Excellent)	Сұрақтар бір-бірімен мінсіз байланысқан.		
$0.8 \leq \alpha < 0.9$	Жақсы (Good)	Зерттеу үшін ең оңтайлы және сенімді көрсеткіш.		
$\alpha \geq 0.9$	Өте жоғары (Excellent)	Сұрақтар бір-бірімен мінсіз байланысқан.		
$0.8 \leq \alpha < 0.9$	Жақсы (Good)	Зерттеу үшін ең оңтайлы және сенімді көрсеткіш.		
$0.8 \leq \alpha < 0.9$	Жақсы (Good)	Зерттеу үшін ең оңтайлы және сенімді көрсеткіш.		

Қорытынды

Жаһандану және білім беру жүйесін гуманизациялау жағдайында инклюзивті ортаны қалыптастыру заманауи мектептің басты талаптарының бірі. Бұл тұрғыда шетел тілі пәні тек академиялық білім беру көзі ғана емес, сонымен бірге ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балаларды қоғамға интеграциялаудың және әлеуметтендірудің пәрменді құралы болып табылады. Инклюзивті сыныптарда шетел тілін оқыту барысында кездесетін психофизиологиялық, лингвистикалық және коммуникативтік кедергілерді еңсеру тіл мамандарынан мүлдем жаңа кәсіби сапаларды талап етеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, болашақ шетел тілі мұғалімінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігі – қарапайым дидактикалық дағдылардың жиынтығы емес, өзара тығыз байланысты төрт негізгі компоненттен (құндылықтық-мотивациялық, когнитивтік, белсенділік-

коммуникативтік және рефлексивті-бағалаушылық) тұратын кешенді құрылымдық модель.

Білім мен дағдының синергиясы (когнитивтік және белсенділік компоненттері). Мұғалім халықаралық және отандық нормативтік базаны, ЕББҚ балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін терең білуі ғана емес, сонымен қатар оқу материалдарын (мәтін, аудио, грамматика) бейімдеп, саралап оқыту әдістерін іс жүзінде қолдана білу.

Көпжақты серіктестік пен рефлексия. Инклюзивті тілдік ортаны тиімді қолдау үшін мұғалімнің тек оқушымен ғана емес, арнайы педагогтармен, психологтармен, тьюторлармен және ата-аналармен ұжымдық байланыс орнату дағдысы, сондай-ақ өз іс-әрекетіне жүйелі сыни талдау (рефлексия) жасай білу қабілеті жоғары рөл атқарады.

Көпжақты серіктестік пен рефлексия. Инклюзивті тілдік ортаны тиімді қолдау үшін мұғалімнің тек оқушымен ғана емес, арнайы педагогтармен, психологтармен, тьюторлармен және ата-аналармен ұжымдық байланыс орнату дағдысы, сондай-ақ өз іс-әрекетіне жүйелі сыни талдау (рефлексия) жасай білу қабілеті жоғары рөл атқарады.

Жүргізілген кешенді эмпирикалық зерттеу нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерінің инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі жеткілікті дәрежеде біркелкі емес екендігін көрсетті. Алынған деректер аталған құзыреттіліктің құрылымдық компоненттері арасында айқын дисбаланс бар екенін дәлелдейді.

Атап айтқанда, құндылықтық (эмпатия, гуманистік ұстаным) және мотивациялық көрсеткіштердің салыстырмалы түрде жоғары деңгейде қалыптасқаны байқалғанымен, когнитивті (теориялық-әдістемелік білім), профильдік-әрекеттік (дидактикалық бейімдеу дағдылары) және рефлексивтік компоненттер бойынша көрсеткіштердің жеткіліксіздігі анықталды. Онымен қоса, респонденттердің белгілі бір бөлігінде инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге қатысты психологиялық кедергілердің (алаңдаушылық, сенімсіздік) байқалуы олардың кәсіби даярлығының толыққанды қалыптаспағанын көрсетеді. Сипаттамалық статистика нәтижелері іріктеме бойынша орташа мәндердің орташа деңгей аймағында шоғырланғанын көрсетсе, вариативтілік көрсеткіштері студенттердің дайындық деңгейінде елеулі айырмашылықтардың бар екенін айқындап отыр. Хи-квадрат критерийі арқылы алынған нәтижелер жауаптардың бөлінуі кездейсоқ емес, белгілі бір педагогикалық заңдылықтарға бағынатынын дәлелдеді. Өз кезегінде бұл әлеуметтік-педагогикалық құзыреттіліктің қалыптасуы жүйелі факторларға тәуелді екенін көрсетеді.

Кронбах альфасы коэффициентінің мәні қолданылған диагностикалық құралдың ішкі келісімділігі мен сенімділігінің жеткілікті деңгейде екенін растады, бұл алынған нәтижелердің валидтілігі мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері болашақ шетел тілі мұғалімдерін инклюзивті білім беру жағдайына даярлау үдерісін жетілдіру қажеттілігін негіздейді. Әсіресе, теориялық-әдістемелік даярлықты күшейту, практикалық-бағдарланған дағдыларды дамыту және психологиялық дайындықты қалыптастыру бағытында мақсатты педагогикалық ықпал студенттің маңыздылығы байқалады. Осыған байланысты, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде инклюзивті лингводидактика мазмұнын жаңарту және құзыреттілікке негізделген оқыту технологияларын енгізу өзекті болып табылады.

Жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілікті тиімді дамыту бірқатар ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды жүзеге асыруды талап етеді, атап айтқанда:

- пәнаралық модульдерді интеграциялау, яғни тілдік оқыту бағдарламаларына мамандандырылған курстарды енгізу;
- квазикәсіби модельдеуді жүзеге асыру, соның ішінде инклюзивті сыныптарда туындайтын әлеуметтік-педагогикалық жағдаяттарды талдауға бағытталған кейс-стади, бейнежаттығулар және модельдеу технологияларын қолдану;
- кеңейтілген инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру, мектептер базасында инклюзивті практика үлесін арттыру және студенттерге тьюторлық немесе педагог көмекшісі функцияларын атқару мүмкіндігін беру.

Қорыта айтқанда, болашақ шетел тілі мұғалімдерінің әлеуметтік-педагогикалық құзыреттілігін дамыту қазіргі заманғы білім беру талаптарына және дамып келе жатқан қоғамның стратегиялық бағдарларына сәйкес келетін шынайы инклюзивті білім беру ортасын қалыптастырудың көптен бір болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

[2] Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.

[3] Мовкебаева З.А. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу // Педагогика және психология. – 2019. – № 2 (39). – Б.24-31.

[4] Хитрюк В.В. Формирование инклюзивной готовности будущих педагогов в пространстве высшего образования // Вестник Балтийского федерального университета им. И. Канта. – 2013. – № 11. – С.64-71. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-inklyuzivnoy-gotovnosti-buduschih-pedagogov-v-prostranstve-vysshego-obrazovaniya>

[5] Абдукадиров А.А. Инновационные подходы к формированию когнитивных компонентов профессиональной компетентности будущих учителей // Педагогикалық ғылымдар. – 2021. – № 3. – С.12-19.

[6] Абдуллина О.А. *Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования.* – Москва: Просвещение, 1990. – 141 с.

[7] Мовкебаева З.А., Сулейменова Р.А. Развитие интегрированного и инклюзивного образования в Республике Казахстан // *Специальное образование.* – 2016. – № 4. – С.35-42.

[8] Айтбаева Г.А. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін инклюзивті білім беру жағдайында кәсіби даярлау ерекшеліктері // *Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы.* – 2023. – № 1 (77). – Б.115-122.

[9] Берман Н.Д. К вопросу о базовой грамотности специалиста в информационном обществе // *Современные исследования социальных проблем.* – 2017. – Т. 8, № 2-2. – С.54-59. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-bazovoy-gramotnosti-spetsialista-v-informatsionnom-obschestve>

[10] Alekhina S.V. Teachers readiness as a primary factor of success in inclusive education process // *Psychological Science and Education.* - 2011. - No. 1. - P. 83-92. URL: https://psyjournals.ru/en/journals/pse/archive/2011_n1/39817

[11] Кенжебаева А.Т. Инклюзивті білім беру ортасында мұғалімнің рефлексивті мәдениетін дамыту ерекшеліктері // *Педагогикалық альманах.* – 2022. – № 4. – Б.58-64.

REFERENCES

[1] Qazaqstan Respwblıkasında інкlyuzıvtı bilim berwdı damıtwdıñ tujırımdamalıq tásılderı. – Astana: I.Altınсарın atındaғы Ulttıq bilim akademıyası, 2015. – 13 b. [in Kaz]

[2] Kwnanbaeva S.S. Teoriya i praktika sovremennogo inoyazıçnogo obrazovanıya. – Almatı, 2010. – 344 s. [in Rus]

[3] Mowkebaeva Z.A. Інкlyuzıvtı bilim berw jaғdayında erekşe bilim berw qajettılıkteri bar balalardı psıxologıyalıq-pedagogıkalıq süyemeldew // *Pedagogıka және psıxologıya.* – 2019. – № 2 (39). – B.24-31. [in Kaz]

[4] Xıtryuk V.V. Formırovanië інкlyuzıvnoy gotovnosti bwdwşçıx pedagogov v prostranstve vısshego obrazovanıya // *Vestnik Baltıyskogo federalnogo wñiversıteta ім. İ. Kanta.* – 2013. – № 11. – S.64-71. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-inklyuzivnoy-gotovnosti-buduschih-pedagogov-v-prostranstve-vysshego-obrazovaniya> [in Rus]

[5] Abdwkadırov A.A. İnnovaciönne podxodı k formırovaniyu kognıtıvnx komponentov professionalnoy kompetentnosti bwdwşçıx wçıtely // *Pedagogıkalıq ғılımdar.* – 2021. – № 3. – S.12-19. [in Rus]

[6] Abdwllına O.A. Obşçepedagogıçeskaya podgotovka wçıtelya v sısteme vısshego pedagogıçeskogo obrazovanıya. – Moskva: Prosveşçenië, 1990. – 141 s. [in Rus]

[7] Mowkebaeva Z.A., Swleyменова R.A. Razvıtıe інtegrırovannogo i інкlyuzıvnogo obrazovanıya v Respwblıke Kazaxstan // *Speціalnoe obrazovanıe.* – 2016. – № 4. – S.35-42. [in Rus]

[8] Aytbaeva G.A. Bolaşaq şetel tili muғalimderin інкlyuzıvtı bilim berw jaғdayında kәsıbı dayarlaw erekşelikteri // *Abay atındaғы QazUPW-dıñ Хабарşısı,*

«Pedagogika ғılımdarı» seriyası. – 2023. – № 1 (77). – В.115-122. [in Kaz]

[9] Berman N.D. К вопросу о базовой грамотности специалиста в информационном обществе // *Sovremennye issledovaniya sotsialnykh problem.* – 2017. – Т. 8, № 2-2. – С.54-59. URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-o-bazovoy-gramotnosti-spetsialista-v-informatsionnom-obschestve> [in Rus]

[10] Alekhina S.V. Teachers readiness as a primary factor of success in inclusive education process // *Psychological Science and Education.* - 2011. - No. 1. - P. 83-92. URL: https://psyjournals.ru/en/journals/pse/archive/2011_n1/39817 [in Eng]

[11] Kenjebaeva A.T. Inklyuzivti bilim berw ortasında muғalimniñ reflektivti мәдениетin damıtw erekшелikleri // *Pedagogikalıq almanax.* – 2022. – № 4. – В.58-64. [in Kaz]

СТРУКТУРА И СОДЕРЖАНИЕ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Турсунбаева А.У.¹, Махамбетова Ж.Т.², Мукашева А.Б.³, Оспанова А.Д.⁴

^{*1,3}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

²Л.Н. Гумилева Евразийский национальный университет,
Астана, Казахстан

⁴Центрально-Азиатский инновационный университет,
Шымкент, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются сущность, структура и содержание социально-педагогической компетентности будущих учителей иностранного языка в условиях инклюзивного образования. Цель исследования заключается в научном обосновании структурных компонентов социально-педагогической компетентности, необходимой будущим учителям иностранного языка для работы в условиях инклюзивного образования, а также в эмпирическом определении уровня их сформированности.

Анализ современных научно-педагогических трудов показывает, что социально-педагогическая компетентность учителя иностранного языка в инклюзивной среде представляет собой сложное и интегративное явление. Ее формирование требует междисциплинарного и системно-деятельностного подходов. Модернизация высшего педагогического образования направлена на обновление содержания образовательных программ бакалавриата с целью обеспечения равного доступа к изучению иностранного языка обучающимися с особыми образовательными потребностями (ООП).

Установлено, что социально-педагогическая компетентность характеризует единство теоретической подготовки и практических умений будущего учителя, направленных на педагогическое сопровождение, социализацию и адаптацию гетерогенных групп обучающихся средствами иностранного языка. В статье обоснованы четыре основных компонента

данной компетентности: ценностно-мотивационный, когнитивный, деятельностно-коммуникативный и рефлексивно-оценочный.

В эмпирической части статьи представлено анкетирование студентов 2 курса педагогического факультета Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, обучающихся по специальности «Учитель двух иностранных языков» (объем выборки – 150 студентов). Полученные результаты показали, что у большинства студентов на высоком уровне сформирован ценностно-мотивационный компонент, однако когнитивный и деятельностный компоненты, направленные на практическую реализацию социально-педагогического сопровождения в условиях инклюзивного класса, находятся на среднем и низком уровнях. Это обосновывает необходимость внедрения в систему подготовки будущих учителей специальных модулей социально-педагогической направленности.

Ключевые слова: компетентность, инклюзивное образование, социально-педагогическая компетентность, учитель иностранного языка, особые образовательные потребности, адаптация, инклюзивная среда, структура компетентности

STRUCTURE AND CONTENT OF SOCIAL-PEDAGOGICAL COMPETENCES OF FUTURE FOREIGN LANGUAGE TEACHERS IN THE CONDITIONS OF INCLUSIVE EDUCATION

*Tursunbayeva A.U.¹, Makhambetova Zh. T.²,

Mukasheva A.B.³, Ospanova A.D.⁴

^{*1,3}al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

⁴Central Asian Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. The article examines the essence, structure, and content of the socio-pedagogical competence of future foreign language teachers in the context of inclusive education. The purpose of the study is to provide a scientific justification of the structural components of socio-pedagogical competence required for future foreign language teachers to work in inclusive educational settings, as well as to empirically determine the level of its formation.

The analysis of contemporary scientific and pedagogical literature indicates that the socio-pedagogical competence of foreign language teachers in an inclusive environment is a complex and integrative phenomenon. Its development requires interdisciplinary and system-activity approaches. The modernization of higher pedagogical education is aimed at updating the content of bachelors degree programs in order to ensure equal access to foreign language learning for students with special educational needs (SEN).

It has been established that socio-pedagogical competence reflects the unity of theoretical training and practical skills of a future teacher, aimed at pedagogical support, socialization, and adaptation of heterogeneous groups of learners through a foreign language. The article substantiates four key components of this competence: value-motivational, cognitive, activity-communicative, and reflective-evaluative.

The empirical part of the study presents the results of a survey conducted among second-year students of the pedagogical faculty at Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, majoring in “Foreign Language Teaching (Two Foreign Languages)” (sample size: 150 students). The findings reveal that the value-motivational component is highly developed among the majority of students, whereas the cognitive and activity components related to the practical implementation of socio-pedagogical support in inclusive classrooms are at medium and low levels. These results substantiate the need to introduce specialized socio-pedagogical modules into the system of future teacher training.

Keywords: competence, inclusive education, socio-pedagogical competence, foreign language teacher, special educational needs, adaptation, inclusive environment, structure of competence

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 04.12.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.

Авторлар туралы мәлімет:

Турсунбаева Акканат Уйезбекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің докторанты, akkanat2012@mail.ru

Махамбетова Жамиля Таргыновна – PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, mzhamilyam@gmail.com.

Мукашева Анар Бекетбаевна – педагогика ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры

Оспанова Акжибек Дарибозовна - Орталық Азия Инновациялық университеті аға оқытушысы, o.akzhibek66@mail.ru

Информация об авторах:

Турсунбаева Акканат Уйезбекқызы – докторант Казахского Национального Университета им. аль-Фараби, akkanat2012@mail.ru

Махамбетова Жамиля Таргыновна – PhD, старший преподаватель Евразийского Национального Университета им. Л.Н.Гумилев, mzhamilyam@gmail.com.

Мукашева Анар Бекетбаевна – доктор педагогических наук, профессор Казахского Национального Университета им. аль-Фараби

Оспанова Акжибек Дарибозовна - Орталық Азия Инновациялық университеті аға оқытушысы, o.akzhibek66@mail.ru

Information about the authors:

Tursunbayeva Akkanat – PhD Doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, akkanat2012@mail.ru

Makhambetova Zhamilya – PhD, Senior lecturer L.N. Gumilyov Eurasian National University, mzhamilyam@gmail.com.

Mukasheva Anar – Doctor of Pedagogical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University

Ospanova Akzhibek – Senior lecturer Central Asian Innovation University, o.akzhibek66@mail.ru